

## **2024-2025 оқу жылы бойынша дарынды балалармен II жарты жылдықта жүргізілген жұмыс есебі.**

Аудандық білім бөлімі әдіскері берген жұмыс жоспары бойынша, 2024-2025 оқу жылына дарынды балаларға арналып жұмыс жоспары жасалды.

Мақсаты:

- 1.Оқушылардың әр түрлі ғылымға құштарлығын, қызығушылығын арттыру.
- 2.Білім алушылардың ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей білу қабілетін дамыту
- 3.Білімге, ғылымға, өз бетінше ізденуге деген тұрақты мотивациясын қалыптастыру, мамандық таңдау жолында бағыт-бағдар беру
- 4.Болашаққа нақты және анық мақсат-міндеттер қоя білу
- 5.Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту, өзін-өзі жетілдіруге ішкі қажеттіліктерін қалыптастыру
6. Коршаған ортаға гуманистік көзқарастарын, қарым-қатынасын қалыптастыру, эстетикалық деңгейін көтеру
- 7.Логикалық ой-өрісі, ойлау қабілетін жоғары дәрежеге жеткізу.

Жылдағыдай пән мұғалімдерінің және мектеп психологы Китетулов Г.Б. мен пән мұғалімдерінің көмегімен дарынды оқушылар қоры анықталып толтырылды. Бастауыш класс оқушыларынан - 3, 5-9 класс аралығынан 5 окушы дараланып, дарынды деп танылып, оларға арнап әр жетекші жұмыс жоспарын жасап, бекітілді. Мәнерлеп оқу бойынша, кіші олимпиада, пәндік олимпиада қоры жинақталды.

«Жас дарын», «Зерде», КFA бойынша дайындалып жатқан оқушылардың жұмысы қаралып, пысықталды.

Оқушылар шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Математика пәні бойынша өткен «Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 3-4 класс бойынша А.Ақылбекова белсене қатысып, 1 дәрежелі диплом алып, облыстық кезеңге қатысты. Жетекшісі Ж.Казиева. 2-4 сынып оқушыларына арналған “Бастау” республикалық математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 2-сынып оқушысы Ақылбеков А. 3-сынып оқушысы Сергазы К. 4-сынып оқушысы Сағын Е. қатысты. “Шежірелі өлкемнің тарландары” тақырыбында өткен облыстық зерттеу шығармалары және байқауының аудандық кезеңіне 7-сынып оқушысы Ақылбеков М. қатысты. Жетекшісі С.Абилькаирова. Аудандық “Мен өмірді жырлау үшін келгемін” атты Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысина 3-сынып оқушысы Мұратқызы Р. 6-сынып оқушысы Яқия Ж. 7-сынып

окушысы Орынбасар Н. қатысты. “Ақбота”зияткерлік олимпиадасына 1-сынып окушысы Сағын А 3-орын, 3-сынып окушысы Серғазы К. 3-орын, 8-сынып окушысы Кенжетайқызы С.З-орын алды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-4 сынып окушыларына арналған республикалық олимпиадаға 4-сынып окушысы Орынбасар М. қатысып 2-орын алды. Жетекшісі Н.Досмагамбетова.1-4 сынып окушыларына арналған Көктемгі Наурыз мейрамына арналған сурет жарысына МАД тәрбиеленушісі Орынбасар А. 2 дәрежелі дипломмен, 1-сынып окушысы Сағын А. 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. 2-5 сынып окушыларына арналған математикалық олимпиадаға 2-сынып окушысы Ақылбеков А. 1 дәрежелі диплом, 3-сынып окушысы Мұратқызы Р 3 дәрежелі диплом, 4-сынып окушысы Дүйсен Б, сертификат, Сағын Е 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. “Менің өлкемнің көктемі” атты облыстық шығармашылық байқауына МАД тобынан 2 тәрбиеленуші, 2-сыныптан 5 окушы, 3-сыныптан 1 окушы, 6-сыныптан 1-окушы, 8-сыныптан 1 окушы қатысты.

Мектеп директоры м.н.д. А.Б.Исбусинова





АУДИОВІДЕО  
ОБРАЗОВАННЯ



